



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ішек-қарны ақтарыла, қатты, аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді. Жылап тұр. Сыңар аяғына ғана сүйеніп еңіреп тұр». Бұл – Садақбайдың кешкен өмірінің ешкіммен жұғыса алмай жападан-жалғыз жортқан күйі өте барғанын ойлап күйзелгені-тұғын. Ол – өзінің адамдар ортасынан жатсынып кетуінің сырын ұға алмай дал болып, қамшыдан басқа сүйенері табылмай, тұңғыықтан келіп тұңғыыққа аттанған пенде. Әңгіме Садақбайдың қарысып қалған қолындағы қамшымен бірге жерленуі арқылы шешім табуы кейіпкер бойындағы шетін күйзелісті берудегі көркемдік амал.

Қазіргі адам мәселесін қарама-қайшылықты дүниетанымдар қақтығысында бейнелеу кейінгі уақыттағы прозаның даму процесін айқын етер маңызды тенденциялардың бірі болатын. Яғни, жеке тұлғаны зерттеу, оның арманы мен аңсарын, сезімі мен түйсігін зерделеу әдебиеттің диалектикалық қозғалысындағы тағы бір маңызды белес еді. Экзистенциалистік философияның негізін қалаушылар және таратушылар – Хайдеггер, Ясперс, Сартр, Камю, Марсель, Бердяев сынды ойшылдар мен суреткерлердің XX ғасырдағы дүниежүзілік көркем дамуға қатты ықпал еткендіктен, қазақ әдебиеті де одан тыс тұра алған жоқ.

Адамзаттың қазіргі дамуында жатсынудың, өзіндік жатсынудың бар екендігі бұл проблеманың абстрактылы теорияларға негізделген, ойдан құрастырылған проблема емес екендігін көрсетті. Өздеріне табиғат заңдарының үстемдік ететінін, өздерінің қоғамдық әрекеттері олардың абсолютті еркіндігіне шек қоятынын адамзаттың түйсінуі – жатсынуды дүниеге келтірді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления; пер. с нем. — М.: Республика, 1993. — 447 с.
2. Фромм Э. Психоанализ и религия // Сумерки богов / Сост. и общ. ред. А.А. Яковлева. — М.: Политиздат, —С. 143–221.
3. Камю А. Миф о Сизифе. Эссе об абсурде // Сумерки богов / Сост. и общ. ред. А.А. Яковлева. — М.: Политиздат, 1

ӘОЖ 821.512.122:82.02

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ БАЙ МЕН БАЙЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Амерханова Зухра

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі және әдебиеті мамандығының
1-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Үсен

Данышпан Абай қазақтың әр сөзін өзінің түпкі алғашқы мәнінде қолданып отырған. Соның бір айғағы ретінде «мал» деген сөзге назар аударайық. Қазақтың ауызекі тілінде мал орнына «скот» деген мәнінде қолданылатыны баршаға аян. Ал Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде мал тек жоғарыда айтқан мәнде емес, ұғым ретінде қолданылған. Мысалы, ақын «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңінде «мал» туралы былай дейді:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса, сыйламай тұра алмас ел. [1; 235]

Байқап отырсыз, Абай «мал тап» дегенде нақпа-нақ жылқы, сиыр т.б. айтып отырған жоқ, жалпылама байлықты, меншікті айтып отыр. Ол байлық алтын ба, күміс пе, ақша ма, мәселе онда емес. «Мал» деген әйтеуір барлықтың, байлықтың жалпылама көрсеткіші. Мына келесі шумақта да, «мал» байлық мағынасында қолданылған:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек к... жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас. [1;113]

Жоғарыда айтылған он шумақты өлеңде, Абай, «мал» деген ұғымды жеті рет қайталаған. Соның әрқайсысында да «мал» сөзі кәдімгі күнде айтып жүрген сиыр, жылқы, қой, түйелердің жалпылама атауы ретінде емес, капитал, байлық деген мәнде айтылған. Қысқаша айтқанда, «малды» экономикалық ұғым ретінде бейнелеп берген. Абайдың реалист ойшылдығының бір дәлелі.

Сонымен «мал» – «байлық» және «капитал» сияқты ұғымдармен мәндес болып отыр. Тілшілер «капитал» дегенді қазақшаға қалай аударамыз деп таласып жатыр, ал бұл мәселені капитализм қазақ даласына еркін ене бастаған кезде өмір сүрген Абай, қиналыссыз-ақ ұғынықты етіп берген. Абайдың «мал» ұғымын экономикалық мәнде қолдануға негіз бар.

«Мал» – араб тілінде «меншік», «капитал» деген ұғымды білдіреді. Сөзіміз дәлелді болу үшін Мәскеуден 1991 жылы жарық көрген «Исламның әмбебап сөзіндегі» «мал» деген мақалаға назар аударайық. «Мал» (мн.ч. - амвал) – собственность, имущество (у оседлых арабов – «деньги», «достояние», у бедуинов – «верблюды», «скот»). По объяснениям средневековых авторов, «мал» делится на четыре категории: «немой», «говорящий», «товары и недвижимость». Әрине, Абайға дейін «мал» сөзі бұл мәнде қолданылмаған десек, қате айтқан болар едік. Қазақтар бір-бірімен есен-саулық сұрасып, қауышқанда да «мал-жаныңыз аман ба?» десетін. Бұл жерде де қазақ малды адамның қазына - байлығы, иелігі ретінде қолданып отыр.

«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей... » өлеңінде осы тақырыпта түйген ойларын талап, адал еңбек тұрғысынан өрістетеді. Гуманист-ойшыл ақынның бай мен байлық, кедей мен кедейлік, арлылық, талапкерлік туралы түсініктерін айдан анық, бір – бірімен әсте шатастырмайтын ұғымдар. Ол байлық пен кедейлікті Құдай жаратқанымен, біреуді бай, біреуді кедей еткен Құдай емес деп есептейді (жиырма сегізінші сөз). Мұның қай-қайсысы болса да, әркімнің өз қолындағы нәрсе. Абайдың бұл түсінігінің арғы жағында адам өз тағдырының қожасы болуы керек деген үлкен материалистік ұғым жатыр. Ол талапсыз, ойсыз өмір кешуге, тағдырға әрекетсіз бас июге, құлдық, күндік тіршілікке бүкіл болмысымен қарсы, жан құлдығын мойындамайды. Сондықтан да заман талабын, әбден таптауырын болған өмір қалпын айнытпай тани білген ақын «Жарлының бір тойғаны, шала байығаны» деп, «Тамақ аңдып тентіреген», «Еңбексіз, харакетсіз» құлқынның құлдарын ащы мысқылмен өлтіре шенейді. Біреуге бас шұлғып, құлдық ұрғанның мал сияқты қарын тойдырғанға мәз болып, ас ішіп, аяқ босату мен заяға күн өткізуден басқа пайдасы жоқ екенін ашына айтып, адамның кісіліктен айырылып, ар- намыстан жұрдай болатынын аңғартады. Ондайлардың құны – тоя жеген тамағы, бай үйі берген «бір жілік пен бір аяқ қымызы» дейді.

Сонда мал табудың, бай болудың жолы бар ма? Адам қайтсе ел қатарына қосылып, сый-құрметке бөленеді? Азамат ақынның байлыққа апаратын дейтін, жүрегінің оты бар жасқа ұсынар сара жолы біреу-ақ. Ол – еңбек, адал еңбек! «Жалға жүр, жат жерге кет қаруыңның барында қайрат қыл, мал тап» дейді. Абай жастарды тәуекелге бел буып, еріншектік жасамай, еңбек етуге шақырады. Жұмыстың жаманы жоқ, ол қолға жұқпайды, тек еңбегің адал болсын. Адалдан жиған дәулет қана тұрақты. «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас, мұндай теріс нәпсіні тый» деген талап қояды. Адам үшін ардан қымбат нәрсе жоқ. Сондықтан ар-ұятынды сақта, бәрібір «еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас», пысықсып, өтірік күліп, «жылы жүзін асқа сатқан» алаяқ, антұрғандардан аулақ жүр, ондайлар өзімен кетсін деген тұжырымға тоқтайды. Бұл өлеңі ақынның адалдық, адамгершілік, талап, еңбек хақында жүйелі де терең философиялық ойлар қозғайтын алтыншы сөзіндегі, сегізінші сөзіндегі, он бірінші сөзіндегі, жиырма сегізінші сөзіндегі топшылауларымен үндесіп жатыр.

«Байлар жүр жиған малын қорғалатып...» өлеңінде ақын мал қадірін білген байларға іш тартып, аяныш сезім білдірген. Елдегі қу, сұм, пысықтар байға тыныштық бермейді, жаудай талайды. «Бұл жұртты Құдай атты», бай жүз малының онын берсе, оны місе тұтпай, қалған тоқсанын да алғысы келеді. Бай байғұс бермесе, қу-сұмдар бұтып-шатып арыз жазып

жоғарыға шабады, қайтып келіп, «құртатын болдым» деп қоқан -лоққы көрсетеді. Бай малын қорғаласа, «қорықты» деп қыжындай түседі. Енді жоғарыға бай шабады. Ақын ойын «күшті жықпақ, бай жеңбек» деп түйіндейді. «Бай жақсы батырдан да, биліктен де, бай бұзар қалың топты киліккенде» деген пікірді тірілтіп қуаттайды, бай табының болашағынан үміт үзбейді: «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» деп, «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген ақыл-өсиетті ескеріп жүргендерді байлардың балағына жармасар итке теңейді.

«Бай сейілді » ел билеген би-болыстар мен дәулетіне тасып, ар-ұятты аяққа басқан байлардың жүгенсіздіктері мен арамза айла-әрекеттерін әшкерелейтін бұл туындының көтерген тақырыбы, тілге тиек ететін әлеуметтік жүгі, сын объектісі жөнінен ақынның сәл бұрынғырақ жазған «Бөтен елде бар болса...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым....», «Болыс болдым мінекей....» кейінірек шығарған «Болды да партия....», «Бойы бұлғаң...» т.б өлеңдерімен үндеседі. 80-жылдардың аяғында азаматтық, ақындық тұлғасы толысып, ел ағасы атанған Абай енді жастарға ақыл, парасат жағын басыңқырай айтып, адамгершілікке, өнер-білімге үндейтін бағытқа көшкен. Ел басқару, жер дауы, жесір дауы мәселелерін, билік айту жұмыстарына белсене араласып жүрген Абайдың бұл ылаңнан азамат ретінде де, ақын ретінде де тыс қала алмайтыны белгілі. Осындай аласапыран алыс -жұлыс жағдайында, «ел жақсыларының» екі жүзділіктері мен тек құлқынның қамын ойлаған қара ниеттерін әшкерелеу мақсатымен осы өлеңін жазған.

М.Әуезов атап көрсеткендей, Абайдың бұл шығармасы әлеуметтік көзқарасының қайшылықтары елес береді. Ақын өлеңін:

«Бай сейілді,

Бір бейілді –

Елде жақсы қалмады....» - [1;89]

деген жолдармен бастайды. Ақын бейілі дұрыс, әділ де момын, жақсы байлар қатары азайды деп отыр. Ел билеген болыстар мен байлардың жиіркенішті көркем бейнесін жасап, өз заманындағы қазақ қауымында қалыптасқан әлеуметтік жат құбылыстарға әділ баға береді. Өлеңнің соңғы шумақтарында ақын сыйласар дос, сырласар құрбы қалмағанына өкініш білдіріп, бәрінен де көңілі қалып, айтқан насихатын ешкімге тыңдата алмай, өмірінің өткеніне налиды, тапқан жұртының сиқы осы болғаны ма деген сұрақпен аяқтайды.

«Қазақ дүниетанымындағы кертартпа мінездерді сынаған» сегізінші сөзінде өз заманындағы қазақ халқының экономикалық көзқарасын ашып берген. Қоғамның ілгерілеуі үшін «ақыл насихатты кім тыңдайды?» деп өзіне сұрақ қойып алып, би-болыстар, байлар, ұры-залимдарға жеке-жеке тоқталып, олардың дамымай қалу себебін өз сөздерінен дәйек келтіре отырып көрсетті. Би-болыстар мансап үшін мал жияды. Байлар малды игілік үшін емес, мал үшін барлық күш-жігерді жұмсайды. Осылайша, ойды дамыта келе, сол кездегі қазақ қоғамының өнер-білім үшін мал жинау емес, керісінше, барлық іс – мал жинау үшін жұмсалатынын көрсетеді. Байды даттап, кедейді мадақтап өскен оқырмандарға Абайдың жиырма екінші сөзіндегі түпкі ойдың ерсі көрінуі ғажап емес. Кезінде Абайды байшыл ақын деуге тірек болған сөз. Мәселенің байыбына тереңірек барған адам, сол замандағы халықтың әлеуметтік болмысына жасалған талдауға тап болады. Абай халық тұрмысындағы әркімнің орнын анықтап, соған сай кімді жақтап, кімді қадірлемекпін деген ойға түседі. «Байды қадірлейін десең, оның не өз басына, не малына еркі жоқ, елде кеселді қулар көбейіп, соларға жем болып жүр. Мырзаларды қадірлейін десе, ондай мырза елде жоқ, олар қара бастың пайдасы үшін мырзасынып жүр. Болыс пен биге келсек, бұл құдайдың қалауымен емес, малға сатып алған шен-шекпен болғандықтан, қардың суы сияқты тұрақсыз. Мықтыны сыйлайын десең, жақсы іспен, мәрттікпен ел аузына іліккені жоқ, жаман іске бәрі мықты. Естіні қадір тұтайын десе, есті кісі елде жоқ, арамдыққа, қулық, сұмдыққа келгенде, бәрі есті. Ғарыпқасар-бейшараны сыйлайын десең, түйеге мінерлік қауқары жоқ, енді қалғаны қу мен сұм, олар елді құртпай, өздері де тыныштық таппайды. Сонда кімнің тілеуін тілеймін» - дейді Абай. [1;325]

«Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалға тоқтап, Абай өз байлығына өзі ие бола

алмай, қу-сұмға, ұры-қарыға, болыс пен биге, орыс әкіміне жем болып жүрген қазақтың момын байларын аяп, соның тілеуін тілігенді жөн көрген. Бұл – біздің «қазақ байлары» кімдер еді деген сұраққа жауап. Қазақ байлары неге осындай ауыр халде өмір кешкен? Себебі, жалпы қазақ тұрмысының жұтаңдығында, саяси бас еркінің жоқтығында, заң жүйесінің отаршылдар мүддесіне орай ғана қызмет етуінде. Сондықтан да қазақ байы бір жұттық. Қолдағы дәулеттің заңды түрде сақтау, қорғау тетігі жоқ. Бұл бірінші қорытынды, екінші, Абай осы сөзінде қазақ тұрмысының әлеуметтік құрылымын ашып берген, кімнің кім екенін айтқан. Олар: байлар, мырзалар, болыс пен билер, мықты, есті кісілер, ғарып-қасар бейшаралар, қу мен сұмдар. Осылардың әрқайсысының қазақ елінде өз орындары болған. Отыз үшінші сөзінде егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек деген ой алға шығады. Мал жұтайды. өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтың кеселдері болады, - дей келіп, байлық турасындағы қазақтың түсінігіндегі қателерді көрсеткен.

Әуелі - артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді.	Түзден өнер іздемей, талапсыздыққа салынатынын көрсеткен.
Екінші - бір екі қара табылса, малға бөге қалған кісіміп «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, салғырт, еріншек, салдау, кербездікке салынады.	Қол жеткізген аз ғана дәулетке мастанып, салғырт, кербездікке салынатынын көрсеткен.
Үшінші - «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді.	Алданғыш, мақтаншақтығын көрсеткен.
Төртінші - тамыршылдау келеді. ...менде керектінің бірі болып қалыппын ғой деп...тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады.	Өмір шындығын байқай алмай, уақытты бос өткізіп, кедейлікке ұрынатындығын көрсеткен.

Осы ойларды «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңінде:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,

Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Қаруыңның барында қайрат қылмай,

Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел, [1;184] – деп түйіндеген.

Абай мал жинаудың өнімсіз, берекесіз, ұятты түрін сынайды. Төмендегі кестеде көрсетілгендей, Абайдың кез келген мәселенің жан-жағын қатар ойлайтын күрделі тұлға екендігінде. Ол жалпы «Байлық, мал табу» ұғымына да жан-жақты келген.

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға 2 түрлі нәрсе керек, - дейді Абай қырық үшінші сөзінде. Әуелі, бек, зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарына алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар, соларға тоздырып, біріне сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да, ең болмаса, мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып, сөзден қалғанда, түзелсе болар еді. Екінші, «Ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тәлім берсе, сонда түзелер еді. Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып, көндірілдік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірілдік дәулет бір кісіге біту мүмкін де емес», екендігін Абай айтты. Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен,

атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген.

Шығармалары	Көтерген мәселесі
«Болыс болдым, мінеки»	Билікке жету үшін мал шашу
«Заман ақыр жастары»	Жастардың еңбексіз азуы
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»	Ар-ұждан, адамгершілік, адалдық, талап, байға жағымпаздану
«Байлар жүр жиған малын қорғалатып»	Байлардың қу, сұм пысықтардан зардап шегіп отырғандығы
«Бай сейілді»	Бейілі дұрыс, әділ, таза, момын байлардың азайғандығы
«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»	Өмірдің мәнін түсінбей, байлықтан басқаны ойламайтын адамдарды сынау
«Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы»	Дүние, байлық үшін өз басының қадір-қасиетін төмендету
«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»	Пайда үшін қылмыстық жолға барушыларды сынау
«Сабырсыз, арсыз, еріншек»	Қызмет қылып мал таппағандығы
«Күлембайға»	Болыстықтан пайда қылғандығы. Шамасы келмеу

Абай айтқан ойлардың бүгінгі көзқараспен сәйкестігі. Ақтамберді бабамыз: «Қайырлы болса баяжан айдын шалқар көлмен тең, қайырсыз болса жаман бай тартылып қалған шөлмен тең»[2;215] деген екен. Кейбір адамдар байлықты менікі деп түсінеді. Шындығында, ол Алла Тағаланікі. Алла мен Пайғамбар сөзін асыл сөзбен уағыздаған Абай:

«Адам ғапыл дүиені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?» - [1;131]

Сондықтан жиған мал –мүлкінді өз басыңа ғана жұмсауға болмайды. Байлықты жиғанда қайыр үшін жию керек. Байлықтың екі түрі бар: Біріншісі – материалдық, екіншісі – адамның пейілінің байлығы. Қазақ айтады «Малымды алсаң, ал Құдай! Пейілімді алма!» деп. Байлар бізде көп, бірақ олардың пейілдері тар болғаннан кейін халыққа еш пайдасы жоқ. Осы себептен де қазір байлар туралы халық арасында жағымсыз пікір қалыптасқан. Бұрын қазақ байлыққа өте жақсы қараған. Өйткені, адамның өміріндегі қажеттіліктердің (рухани өсуі, толуды, шарықтау шегі) барлығы байлық арқылы келеді. Дүниеде «жоқшылық» деген ең жаман нәрсе. Кедейлік адамды хайуанға айналдырып жібереді. Абай: «Сұлу аттың көркі – жал, адамзаттың көркі – мал», – дейді.

Абай өзінің жиырма екінші сөзінде «...ұры, залым, куларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң, һәм соның тілеуін тілемесең болмайды...» деп, қазақ байларының ауыр халін ашып көрсетеді. Сол замандағы қазақ байлары саяси бас еркіндігінің жоқтығынан, заң жүйесі отаршылдар мүддесіне орай қызмет ететіндіктен, әлеуметтік тұрғыдан ең қорғалмаған топтың бірі – осы қазақ байлары болды деген тұжырымға келеді. Абай ұғымындағы қазақтың құты қазақ байлары, олардың жиған-тергеніне қарап, іс-әрекетіне қарап, елдің болмысын анықтауға болады. Көшпелі қазақ тұрмысында байдың орны ерекше. Оларсыз ауылда әрекет жоқ, ауыл өмірі байларға қарап, жүйеге тартылған.

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған. [1;127]

Ұлы Абай шығармаларында адамның дамып жетілуінде байлық, дәулетке ие болуы бірінші саты ғана деп түйген. Ақша, байлық табу жолында жүргендер – қарапайым адамдар. Әуелгі материалдық дәулетке жету – барлық жан иелерінің мақсаты. Яғни адамдардың

рухани жетілуі үшін әуелі өмір сүруге қолайлы жағдай керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Шығармалар. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 296 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1982 – 464 б.

ӨОЖ 821. 512. 122

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫНЫҢ «АЛАШҚА» ДАСТАНЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Асенова Айгүл Халдарқызы

asenova.1997@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультеті «5В011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3-курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Б.Жұмағұлов

XX ғасырдың басы – ұлт тарихында сан алуан қоғамдық құбылыстарға, саяси-тарихи жағдаяттарға толы кезең. Ақпан революциясынан кейін қазақ елі ұлттық жаңару мен жаңғыруда біртұтас Алаш идеясының төңірегіне ойысты.

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынборда Екінші жалпы қазақ съезі өз жұмысын бастады.

Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов және Е.Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты [1, 149].

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілді. Олар: 1) Сібір, Түркістан автономиясы һәм юго-восточный союз туралы; 2) Қазақ-қырғыз автономиясы; 3) Милиция; 4) Ұлт кеңесі; 5) Оқу мәселесі; 6) Ұлт қазынасы; 7) Муфтилік мәселесі; 8) Халық соты; 9) Ауылды басқару; 10) Азық-түлік туралы мәселелер еді.

Осы тарихи жиынға 9 облыс (Ақмола, Торғай, Семей, Жетісу, Сырдария, Орал, Бөкей ордасы, Ферғана, Самарқанд) және Алтай губерниясында тұратын қазақтар қатысқан. Ә.Бөкейханов бастаған топ автономия жариялау әзір ертерек деген пікір ұстанған. Халел және Жанша Досмұхамедов бастаған екінші топ дереу автономия жариялау қажет деген пікірді ұстанған. Ақыры Алаш автономиясын жариялау туралы шешімге тоқтап, Алашорда үкіметін құрған. Үкімет төрағасына Әлихан Бөкейханов сайланып, 25 адамның құрамына үкімет мүшелерін тағайындаған. Ары қарай әскер-милиция құру, қаржы табу жолдары қарастырылған. Кешікпей балшабектер (большевик) билігі күшейіп кетуіне байланысты Алаш автономиясының өрісі тарылды [2, 19].

Алаш ел болып көптің қатарынан қадірлі орын алу үшін ең бірінші өзі түгел болуы керек еді. Алайда, қазақтан шыққан большевиктер бірігудің орнына ыдырап межелі нәтижеге жеткізбеді. Осындай ішкі қайшылықтармен бірге, елдің сыртқы жағдайы, атап айтқанда Кеңестердің жеңуі мен азамат соғысының зардабы да Алашорданың аяғынан тік тұрып кетуіне кедергі жасады. Қазақ комитеттерінің, қазақ съездерінің қызметі нәтижесінде құрылған Алашорда үкіметі енді құлдырай бастады.

1918 жылдың көктемінде Алаштың кейбір көсемдері Семейде жиналып, шетелдегі қазақтарға барып, онда Алаш идеясын насихаттау жөнінде ақылдасты. Бас қосуға Ахмет Байтұрсынұлы, Мыржақып Дулатұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Жақабай Әтікұлы, Жұбандық Болғанбайұлы, Сейдазым Қадырбайұлы, Қажымұқан